



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астана қ.

2024 жыл, 23 тамыз

Осы жылдың алғашқы 6 айында интернет пен мобильді банкинг арқылы қазақстандықтар жасаған операциялардың үлесі қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы көлемінде 90%-ға жетті

Төлем карточкаларын пайдаланушы Қазақстан азаматтарының саны артып келеді. 2024 жылдың I жартыжылдығында Қазақстан банктері шығарған төлем карточкаларымен **84,9 трлн теңгеге 6,1 млрд операция** жүргізілді.

Аталған кезеңде қолма-қол ақшасыз жасалған операциялардың саны мен көлемі тиісінше 13,6%-ға және 16,0%-ға (жалпы көлемі **72,8 трлн теңге**) өскені байқалады. Төлем карточкалары арқылы қолма-қол ақша беру операцияларының саны мен көлемі тиісінше 3,6%-ға және 12,8%-ға (жалпы көлемі 12,0 трлн теңге) өсті.

Бұл ретте **қолма-қол ақшасыз операциялардың** жалпы сандағы үлесі – **98,0%**, жалпы көлемдегі үлесі – **85,8%**.





Қолма-қол ақшасыз операция жүргізуде интернет пен мобильді банкинг – ең көп сұранысқа ие тәсіл. Осы жылдың алғашқы 6 айында интернет пен мобильді банкинг арқылы қазақстандықтар жасаған операциялардың үлесі қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы көлемінде 90%-ға жетті. Бұл тәсілмен күн сайын **359,9 млрд теңгеден** көп сомаға **26,3 млн-нан астам операция** жүргізіледі.

QR-код арқылы төлем жасауға да сұраныс артып келеді. 2024 жылғы I жартыжылдықта **7,3 трлн теңгеге 1,5 млрд операция** жүргізілді. Бұл 2023 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен **3,2 есе** көп.



Тауарлар мен көрсетілетін қызметке ақы төлеуге арналған құрылғылар саны да артып келеді. 2024 жылғы I жартыжылдықта **POS-терминалдардың 24,6%-ға** өскені байқалады (жалпы саны – 1,16 млн бірлік).

2024 жылғы I жартыжылдықта төлем инфрақұрылымында **кәсіпкерлер мен сауда орындарының саны**, тиісінше, **20,5%-ға** (жалпы саны 846,6 мың бірлік) және **26,1%-ға** (жалпы саны 1,1 млн бірлік) ұлғайып, үздіксіз өсті.



Бұдан басқа, 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, пайдаланылған төлем карточкаларының¹ жалпы саны (2023 жылдың осы кезеңдегі көрсеткіштерімен салыстырғанда) **39,3 млн бірлікке дейін 8%-ға** артқаны байқалады. 2024 жылғы I жартыжылдықта қолданыстағы әрбір төлем карточкасымен орта есеппен **1,9 млн** теңгеге **154 қолма-қол ақшасыз операция** жүргізілді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ Есепті айда операциялар жүргізу үшін бір реттен артық пайдаланылған төлем карточкалары.